

Тарихи немесе мәдени құндылығы бар теле-, радиохабарлар жазбаларын сақтаудың ережесін бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің 2005 жылғы 25 мамырдағы N 138 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 29 маусымда тіркеліп тіркелді. Тіркеу N 3702. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 92 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2012.06.29 № 92 (алғашқы жарияланған күнінен кейінгі он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабының 2-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Тарихи немесе мәдени құндылығы бар теле-, радиохабарлар жазбаларын сақтаудың ережесі бекітілсін.
2. Бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.
3. Осы бұйрықтың орындалуы вице-министр А.Д.Досжанға жүктелсін.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Мәдениет, ақпарат және спорт
министрі міндетін атқарушының
2005 жылғы 25 мамырдағы
N 138 бұйрығымен бекітілген

Тарихи немесе мәдени құндылығы бар теле-, радиохабарлар жазбаларын сақтаудың Ережесі

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер

1. Тарихи немесе мәдени құндылығы бар теле-, радиохабарлар жазбаларын сақтаудың Ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының "Бұқаралық

ақпарат құралдары туралы" Заңының 16 бабы 2 тармағына сәйкес әзірленді және бұқаралық ақпарат құралдары (теле-, радиохабарлар) арқылы жасалған (бұдан әрі - бұқаралық ақпарат құралы) тарихи немесе мәдени құндылығы бар теле-, радиохабар жазбаларын сақтаудың тәртібін анықтайды.

2. Бұқаралық ақпарат құралында тарихи немесе мәдени құндылығы бар теле-, радиохабарлар жазбаларын сақтау және пайдалану мақсатында мұрағат құрылады.

3. Мұрағат өз қызметін мұрағаттар мен құжаттаманы басқарудың орталық мемлекеттік органының нормативтік құқықтық актілеріне бұқаралық ақпарат құралдар басшысы бекіткен Ережесіне сәйкес жүзеге асырады.

4. Ережелерде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ұғымдар, Қазақстан Республикасының ҚРСТ 1037-2001, "Іс жүргізу және мұрағат ісі. Терминдер мен анықтамалар" Мемлекеттік стандарт терминдері пайдаланылды.

2. Тарихи немесе мәдени құндылығы бар теле-, радиохабарлар жазбаларын сақтаудың тәртібі

5. Теле-, радиохабарлар жазбалары эфирге шыққан соң бір айдан кейін ілеспе құжатпен (андатпа, жинақтама парақтар, техникалық жай күйінің актілері) мұрағатқа тапсырады.

6. Қабылданған теле-, радио хабарлар жазбалары нысан бойынша (1 қосымша) журналда есепке алуға жатады.

7. Сараптау комиссиясымен тарихи немесе мәдени құндылығы бар деп танылған теле-, радиохабарлар жазбалары нысандар бойынша (2-3 қосымшалар) тізімдемеге енгізілуге және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тұрақты сақтауға жатады.

8. Тарихи немесе мәдени құндылығы бар теле-, радиохабарлар жазбаларының түпнұсқасы сақталмай тұрып жоюға, қайта жинақтауға, басқа жеткізгіштерге көшіруге рұқсат етілмейді.

9. Тарихи немесе мәдени құндылығы бар теле-, радиохабарлар жазбаларын мұрағаттан жеке және заңды тұлғаларға уақытша пайдалануға беру мұрағат анықтайтын нысан бойынша есепке алу журналына тіркеледі.

10. Мемлекеттің жарғылық капиталда үлесі бар бұқаралық ақпарат құралдары жасаған тарихи немесе мәдени құндылығы бар теле-, радиохабарлар жазбалары мұрағаттар мен құжаттаманы басқарудың орталық мемлекеттік органы белгілеген мерзімдерде тиісті мемлекеттік мұрағатқа тапсырылады.

11. Мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары жасаған Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қоры құрамына жататын тарихи немесе

мәдени құндылығы бар теле-, радио хабарлар жазбалары заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік мұрағатқа тұрақты сақтауға тапсырылады.

12. Тарихи немесе мәдени құндылығы бар теле-, радиобағдарлар жазбаларын сақтау жеткізгіштерінің магнитсіздендірілуін немесе басқадай бүлінуін болдырмайтын орауыштар мен стеллаждарда оңтайлы жарық, температуралық-ылғалдылықты және санитарлық-гигиенаны қамтамасыз ететін жағдайда жүзеге асырылады.

13. Мұрағатта терезеге жалюздер, қорғаныш сүзгілер, перделер немесе боялған әйнектер қолдану арқылы шашыраңқы табиғи жарық түсіруге рұқсат етіледі.

Жасанды жарық үшін беті тегіс жабық плафондар ішінде жанатын лампалар немесе жарық шұғыласы ультракүлгін түсті бөліктерге бөлінетін люминесценттік лампалар қолданылады.

14. Теле-, радиобағдарлар жазбаларын сақтаудың оңтайлы температуралық-ылғалдылық режимі:

1) дәстүрлі жеткізуші жазбалар үшін температура +8 - +18 С, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 45-65 пайыз;

2) электрондық негіздегі жазбалар үшін температура +15 - +25 С, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 40-60 пайыз болып табылады.

15. Температуралық-ылғалдылық режимін бақылау ауа райы параметрлерін өлшеу аптасына кем дегенде екі рет бір мезгілде жүргізіліп мұрағат анықтайтын үлгі бойынша тіркеу журналына жазылады.

16. Тарихи немесе мәдени құндылығы бар теле-, радиобағдарлар жазбалары ауа құрамындағы қауіпті қоспалар (күкіртті газ, күкіртті сутегі, сынап булары, азот, аммиак тотығы) және электромагниттік-ионизациялық (радиациялық) әсерлерінен қосымша қорғалуға жатады.

17. Мұрағатта тарихи немесе мәдени құндылығы бар теле-, радиобағдарлар жазбаларын алдын-ала бұзылудан сақтау жұмыстары жүйелі түрде жүргізіледі.

Тарихи немесе мәдени құндылығы бар теле-, радиобағдарлар жазбаларын сақтау Ережесіне

1-қосымша

Теле-, радиобағдарлар жазбаларының келіп түсуін және шығуын есепке алу журналының нысаны

Теле-, радиобағдарлар жазбаларының	Теле-, радиобағдарлар жазбаларын жіберген немесе жіберілген	Теле-, радиобағдарлар жазбалары-	Келіп түскен (шыққан)теле-, радиобағдарлар жазбаларын
------------------------------------	---	----------------------------------	---

NN р/с	келіп түскен немесе шық- қан датасы	ұйымның (ұйым- ның құрылымдық бөлімшенің), атауы	ның ілеспе құжаттама- ның құрамы	жеткізуші ма- териал атауы және түрі
1	2	3	4	5
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Теле -, радиохабарлар жазбаларының келіп түсуі		Теле -, радиохабарлар жазбаларының шыққаны				Ес- кер- пе
Тұрақты сақтаудағы		Тұрақты сақтаудағы		Уақытша сақтаудағы		
Есепке алу бір- лігінің саны	Сақтау бірлі- гінің саны	Есепке алу бір- лігінің саны	Сақтау бірлі- гінің саны	Есепке алу бір- лігінің саны	Сақтау бірлі- гінің саны	
7	8	9	10	11	12	13
6	7	8	9	10	11	12

_____ жылы барлығы _____ есепке алу бірлігі
(цифрмен және жазбаша)

_____ сақтау бірлігі келіп түсті,
(цифрмен және жазбаша)

_____ есепке алу бірлігі _____ сақтау бірлігі шықты.
(цифрмен және жазбаша) (цифрмен және жазбаша)

Қорытынды жылдық жазбаны жасаған _____ Қолтаңбаның
қызметкер лауазымының атауы _____ толық жазылуы
(өз қолы)

Мұрағат басшысы _____ Қолтаңбаның
(өз қолы) толық жазылуы

Уақыты

Формат А3 (297X420)

Тарихи немесе мәдени
құндылығы бар теле-,

2-қосымша

**Тұрақты сақталатын бейнеунхаттар
тізімдемелерінің нысаны**

БЕКІТІЛГЕН

БЕКІТЕМІН

мұрағаттар мен құжаттаманы
басқару мемлекеттік органының
сараптау-тексеру комиссиясының

Бұқаралық ақпарат құралдары
басшысының лауазым атауы
_____ Қолтаңбаның

_____ жылғы " ____ " _____

(өз қолы) _____ толық жазылуы

N _____

х а т т а м а с ы м е н

Уақыты

жылдардың

тұрақты

сақтаудағы

бейнеунхаттардың

N _____ тізімдесі

N N р/с	Мемлекеттік мұра- ғаттағы есеп нөмірі		Индекс, өндірістік нөмірі	Бейне- унхаттар атауы	Жазба автор- ларымен орындау- шылары
	есепке алу бірлігінің нөмірі	сақтау бірлі- гінің нөмірі			
1	2	3	4	5	6
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Жазба да- тасы	Жазба орны	Жазба тілі	Хроно- метраж	Түрі- түс- тілігі	Сақтау бірлігінің саны	
					бейне- унхаттың түпнұс- қасы	жұмыс көшірмесі (техни- калық дубль)
7	8	9	10	11	12	13
7	8	9	10	11	12	13

кестенің жалғасы

Глеспе құжаттаманың бар-жоғы және құрамы			Үлдірлер пішіні және типі	Ескертпе
жинақтама парағы	аңдатпа	техникалық жай-күйінің актісі		
14	15	16	17	18

14	15	16	17	18

Тізімдемеге N__ ден N__ ге дейін _____ есепке алу бірлігі,
(цифрмен және жазбаша)

_____ сақтау бірлігі енгізілді,
(цифрмен және жазбаша)

соның ішінде:

а р н а й ы н ө м і р л е р :

қалып кеткен нөмірлер:

Тізімдеме жасаған тұлғаның Қолтаңбаның
лауазым атауы _____ толық жазылуы
(өз қолы)

Уақыты

М А Қ Ұ Л Д А Н Д Ы
бұқаралық ақпарат құралдары
сараптау-тексеру комиссиясының
_____ жылғы " ____ " _____

N _____ хаттамасымен

2 - қ о с ы м ш а ға е с к е р т п е

2 және 3 бағандар мемлекеттік мұрағатта толтырады

Формат А4 (210X297)

Тарихи немесе мәдени
құндылығы бар теле-,
радиохабарлар жазбаларын
сақтау Ережесіне

3-қосымша

Тұрақты сақталатын үнқұжаттар

тізімдемелерінің үлгісі

БЕКІТІЛГЕН

мұрағаттар мен құжаттаманы
басқару орталық мемлекеттік
органының сараптау-тексеру
комиссиясының

_____ жылғы " ____ " _____

N _____

Уақыты

БЕКІТЕМІН

Бұқаралық ақпарат құралдары
басшысының лауазым атауы
_____ Қолтаңбаның
(өз қолы) толық жазылуы

_____ х а т т а м а с ы м е н

сақтаудағы

жылдардың тұрақты
үнкұжаттарының

N _____ тізімдемесі

NN р/с	Мемлекеттік мұрағаттағы есеп нөмірі		Ин- декс, өнді- ріс- тік нө- мірі	Үн- кұ- жат- тың ата- уы	Үн- кұ- жат ав- торы	Баян- дау- шы, орын- дау- шылар	Жазба дата- сы, қайта жазу	Жазба орны, қайта жазу- дың
	есеп- теу бірлі- гінің нөмірі	сақ- тау бірлі- гінің нөмірі						
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы

Жазба тілі	Жұмыс уақы- тын зер- делеу	Мәтіндік ілеспе құжаттаманың бар-жоғы және құрамы			Матери- алдық жеткіз- гіштің пішіні мен түрі	Ескертпе
		З а т - таңба	а ң - датпа	Техни- калық жай-күйі актісі		
10	11	14			15	16
10	11	14			15	16

Тізімдемеге N__ ден N__ ге дейін _____ есепке алу бірлігі,
(цифрмен және жазбаша)

_____ сақтау бірлігі енгізілді,
(цифрмен және жазбаша)

соның ішінде:

а р н а й ы

н ө м і р л е р :

қалып кеткен нөмірлер:

Тізімдеме жасаған тұлғаның
лауазым атауы

(өз қолы)

Уақыты

Қолтаңбаның
толық жазылуы

М А Қ Ұ Л Д А Н Д Ы
бұқаралық ақпарат құралдары
сараптау-тексеру комиссиясының
_____ жылғы " ____ " _____

№ _____ хаттамасымен

2 - қ о с ы м ш а ғ а

е с к е р т п е

2 және 3 бағандар мемлекеттік мұрағатта толтырады

Формат А4 (210Х297)